

Қ.А Ясауи атындағы қазақ
түрік университеті

СӨЖ

Тақырыбы: Аварлар

Орындаған: Серикбоев У.К

Тобы: 410 ЖМ

Тексерген: Оспанова А

Түркістан 2015

Жоспар:

Кіріспе:

Негізгі бөлім:

- ❖ Аварлардың шығу тегі мәселесі.
- ❖ Аварлар жөнінде жаңа және қазіргі замандағы шетел тарихнамасы.
- ❖ Қазақстан тарихнамасындағы авар мәселесі.

Қорытынды:

Қолданылған әдебиетер:

Аварлардың шығу тегі мәселесі. Авар атауының шығуы, жалпы аварлардың қайдан шыққаны жөнінде тарихта үш түрлі гипотезалар бар. Соның біріншісі бойынша, аварлар көшпелі жуан-жуан империясының ұрпақтары дейді, екіншісі бойынша, олар Орта Азиядан шыққандар және олардың ата-бабалары вархониттер, үшінші гипотеза бойынша аварлар Венгрия территориясының кейбір қоныстардың атауларының түбірі «варконь» деген сөз тіркесімен аяқталғандықтан жергілікті халық болуы мүмкін дегенде болжамдар бар. Жазба деректерге сүйенетін болсақ мысалы: Менандр Протектордың хабарлауынша, «568 ж. император Юстиннің билігіне төрт жыл болғанда, Византияға ертеде сақтар деп аталған түркі қағандығынан елшілік келген, елшілікті Маниах бастап келген» дейді. Ол өз елінен императорға хат әкелген, оны император аудармашы арқылы оқығаннан кейін, елшіге сұрақ қойған дейді. Сол сұрақтардың бірінде император аварлар жайында сұрайды, мәселен сөзбе сөз келтіретін болсақ; бізге айтыңызшы, қанша аварлар түрік билігін бұзды және де сіздерде аварлар қалды ма? деді император. VI ғасырдың бірінші жартысында көптеген тайпалардың ішінде авар тайпа ұйымы ерекшелене түседі. Аварлар түркі тілдес тайпа болғандықтан, біз ежелгі түркілердің этникалық тарихына тоқтауымыз қажет. Бұл мәселе тарихнамада күні бүгінге дейін толық шешімін таппаған.

Дағыстанда тұратын халық. Біразы Азербайжанның солтүстігін және шығыс Грузияны мекендейді. Чечня мен Қалмыкияда кездеседі.



Аварлардың қоныстану тарихы. Аварлардың қоныстану тарихына қатысты зерттеулер мен деректерді талдау. Авар қағандығы - Орталық Азияда(IV ғасырдың соңы) және Шығыс Еуропада(IV ғасыр) өмір сүрген түркі тілдес тайпалар мемлекеті. Мемлекетті қаған басқарды. V ғасырда қағандық екі бірлестікке бөлінді. Батыс қағандықтың билеушісі Шэлунның ордасы Моңғолиядағы Халха өзенінің бойында орналасты. Әскери сәтті жорықтар арқылы ол мемлекеттік жерін едәуір ұлғайтты. Авар қағандығы Орталық Азия мемлекеттері қатарынан берік орын алып, аймақта көшпелі мемлекеттер жүйесінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Мемлекет 552 жылы аварларға бағынышты болған көне түркілердің күшімен құлатылды. Авар тайпаларының бір бөлігі Корея мен Солтүстік Қытайға, бір бөлігі батысқа ығысты. Батысқа ауған авар тайпалары қазіргі Қазақстан, Еділ бойы, Солтүстік Кавказды мекендеген тайпалармен қосылып, Византия шекарасына қарай жылжыды. 558 жылы олардың Кандих бастаған алғашқы елшілігі Византияға келіп, әскери одақтас болуды ұсынды және қоныстануға жер сұрады. Византия аварларды кутригурлар мен шығыс славяндарға қарсы соғыс пайдаланды.

567 жылы аварлар лонгбардтармен бірлесіп, герман тайпаларын талқандады және Дунай жазығындағы, Паннониядағы жерлерді иемденді. Онда IV ғасырдың 60-жылдарында Авар қағандығы - Орталық Азия көшпелілерінің мемлекеттері бірлестігі құрылды. Оны көрнекті қолбасшы Баян хан басқарды. Қағандықтың орталығы Паннония болды. Осы жерден аварлар франктарға, лангобардтарға, славяндарға жорық жасады. Олар Эльбадан Кавказға, Доннан Адриатикаға дейінгі жерлерге ықпал жүргізіп отырды. Қаған әскерлері Дунайдың төменгі ағысын бойлап, Византияға қарасты жерлерге жорықтар жасап, Константинопольге дейін жетті. 592-598 жылдары және одан соңғы жылдары аварлар Балқанға дендеп енді. Алайда 626 жылы аварлардың негізгі күші Константинополь түбінде талқандалды. Бұл Баян әулетінің биліктен кетуіне байланысты туған ішкі қайшылықтардан Авар қағандығы әлсіреген тұс еді. VII ғасырдың ортасында аварлар Солтүстік Қара теңіз маңынан ығыстырылды, олардың негізгі территориядағы, Паннониядағы билігі 680 жылдары Дунайда Бұлғар қағандығының құрылуына байланысты шектеле бастады.

Аварлар жөнінде жаңа және қазіргі замандағы шетел тарихнамасы.
Авар қағанаты б.з. 6-9 ғ.Шығыс Еуропадағы түркі тілдес мемлекеттердің қарсаңында пайда болған одақ.Авар тарихымен 18 ғ.шет елдік ғалымдар айналыса бастады.Француз ғалымдары Мая мен Гоби саяхаттап Қытай жерлерінен Авар тарихына қатысты материалдар жинаған.20 ғ.Француз ғалымдары С.Жиулье «Түркі тарихына қатысты құжаттар».19-20ғ.Эдворд Шаванн, 20ғ.П.Пелло- аварлардың шығу тегіне байланысты Шаванн мен Жульенің идеясын толықтырушы болды. Сонымен қатар неміс,ресей ғалымдарыда өз үлестерін қосты.Олардан Грумо Грузымайло, Аристов, Иностранцев, Кюнер, Атаманов, Бернштам, Плетенова және т.б. өз үленстерін қосты.Авар қағанатын қазіргі таңда зерттеудегі өзекті мәселе олардың шығу тегі,дипломатиялық қатынастары,саясаты осы күнге дейін толық зерттеліп біткен жоқ.Қазіргі таңда біз Аварлардың швғу тегін әрдерек бойынша әр түрлі қарастырамыз.Яғни нақты тоқтала алмаймыз.

Авар тарихына қатысты жазба деректер. Авар мәселесіне қатысты жазба деректер мен жылнама жинақтарын әр елдің тарихынан жинастыратын болғандықтан, деректану пәнінің классификациясына сәйкес, оны ішінара бірнеше топқа бөліп қарстырған жөн. Жазба деректердің бірінші тобын антика авторлары шығармаларынан бастағанмыз жөн. Бұл жерде Гай Плиний Старшийдің, Публий Корнелий Тациттің, Дион Кассидің, Птоломейдің, А.Э. Авиттің тағы басқаларының деректерін атауға болады. Жалпы айтқанда жоғарыда келтірілген антика дәуірінің авторларының мәліметтері Авар қағанатының тарихын қарастыру барысында славян тайпаларына қатысты мәселелерді зерттеуде біршама құнды хабар береді. Деректердің екінші тобын ерте орта ғасырлар авторлары ішінде авар тарихына қатысты төмендегі хронистердің еңбектері басты назарға алуға болады.

Приск Панийский, А. Марциллин, Григорий Турский, Аврелий Кассиодор, Иордан, Павел Диякон, Исидор Севильский, Прокопий Кесарийский, Иоан Эфесский және тағы басқалар. Атап айтқанда А. Марцеллин 31 кітаптан тұратын “Тарих” атты еңбегін жазған. Бұл шығарманың 18 кітабында 353-378 жж. дейін оқиғалар мәлімденіп, біздің уақытымыздың күні бүгініне дейін жетті. А. Марцеллин 330-400 жылдары өмір сүрген танымал Рим тарихшысы, шыққан тегі грек. Приск Панийский V ғасырдың жазушысы, византиялық дипломат. Ол византиялық императорлардың тапсырмаларын орындаушы болған. «Византия тарихы және Аттиланың әрекеттері» атты 5 кітаптан тұратын шығарманың авторы.

Присктің этнографиялық аңғармалары өте бағалы және халықтардың ұлы қоныс аударуы жылдарындағы варварлық халықтардың, соның ішінде аварлардың ішкі өмірі тұрғысындағы сирек бақылаулардың бірі болып табылады. Бұл хронистердің ішінде Григорий Турскийді айырықша атауымыз қажет. Оның “Франктер тарихы” 10 кітаптан тұрады. Бұл деректе ғұн, славян тайпаларының және де аварлардың франктермен болған қатынасы жайында құнды мәліметтер береді. Бұл деректің құндылығы сонда, аварларды Шығыстан келушілер екендігін дәл көрсетеді. Жоғарыда келтірілген хронистердің қатарындағы А.Кассиадорды айтатын болсақ, ол 487-578 жылдары аралығында өмір сүрген, өз заманының белгілі қайраткері. 526-534 жылдары Теодорих королінің сұрауы бойынша “Готтардың тарихын” жазды. Оқулық барысында, бұл деректен аварларға бағынған гепид тайпалары және олардың Византиямен қарым-қатынастары жайында мәліметтері құнды дерек болып табылады. Ерте византиялық кезеңнің жазушысы Иорданның қолжазбалары халықтардың Ұлы қоныс аударуы кезіндегі ғұн тайпалары, славян, авар тағы басқа тайпалық бірлестіктер жайында құнды мәліметтердің жиынтығы. Готтық епископ VI ғ. өмір сүріп, осы ғасырдың екінші жартысында өзінің “Гетика” және “Краткая хроника” атты мұрасын жазады. Иорданның маңызды еңбектерінің бірі “Гот тарихы” біздің заманымызға толық жеткен.

Қазақстан тарихнамасындағы авар мәселесі. Қазақ халқы түркі тілдес халықтардың бір тармағын құрайды, яғни VI-VIII ғғ. авар тарихын зерттеу арқылы, қазақ халқының арғы тарихын, жалпы түркі әлемі, көшпенділердің тарихын қарастыру болып табылады. Авар тарихын қарастыра отырып, Орта Азия мен Еуропаны мекендеген түркі тілдес тайпалардың арасындағы қарым-қатынастары мен саяси жағдайларына шолу жасау арқылы, Европадағы түркілердің тарихына айтарлықтай толықтыру болмақ. VI-VIII ғғ. Авар қағанаты Шығыс пен Батысты өркениетті тұрғыдан байланыстырушы көпір болды. Қазіргі кезде авар мәселесін терең зерттеген ғалымдар ішінде: Жұмағұлов Қ.Т. (Аварский каганат конца эпохи великого переселения народов в Евразии; Авар қағанатының тарихынан; Современная трактовка истории Аварского каганата; Аварский каганат в истории Евразии; К Истории Аварского каганата; Аварский каганат в европейской истории раннего средневековья); Мухажанова Т.Н. (Авар атауы туралы; VI-VII ғғ. Шығыс Еуропа даласындағы елшілік қатынастардың барысы; Ерте ортағасырлардағы түрік тектес тайпалық бірлестіктердің мәдениеті.); Сыдықов А. (VI-VII ғғ. Авар қағанаты мен Византия империясы);

Қорытынды:

Авар - (авар. *аварал, мағIарулал*) - негізінен Дағыстанда тұратын халық. Біразы Азербайжанның солтүстігін және шығыс Грузияны мекендейді. Чечня мен Қалмыкияда кездеседі. 2002 ж. мәліметімен Ресейде 999,8 мың адам, Азербайжанда (1999 ж) - 49,8 мың, Түркияда 2005 ж. мәліметімен 53 мыңнан астам аварлар бар. Тілі - авар тілі, кавказ тілдерінің дағыстан тобына жатады. Негізгі кәсібі - мал шаруашылығы, егіншілік, бау-бақша өсіру. Көптеген аварлар өнеркәсіп орындарында жұмыс істейді. Интеллигенцияның ұлттық кадрлары өсіп жетілді. Аварлар халқының әдебиеті мен өнері едәуір дамыған; әсіресе бейнелеу өнері өте бай келеді (ағаш ою, кесте тоқу, тас қашау, алтыннан әр түрлі заттар жасау жағы басым). Діні - суниттік мұсылмандар.

Қолданылған әдебиетер

- “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998
- <http://reftrend.ru/205845.html>